



КҮРЕЖОЛДЫҢ БОЙЫНДА кәсіпкерлік пен туризмді дамытуға мүмкіндік мол

Көше облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың төрағалығымен облыс әкімі аппаратының мәжілісі өтіп, онда "Батыс Қытай – Батыс Еуропа" автожолы бойындағы сервистік қызметтердің орналасуы, Қызылорда қаласына жасыл белдеуді орналастыру барысы, мекемелер мен кәсіпорындардың салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдері туралы мәселелер қаралды.

• ТҰРАҚТЫ КЕҢЕС

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша хабарлама жасаған облыстық жоласушылар көлігі және автокөлік жолдары басқармасының басшысы Бегман Көлбаев халықаралық көлік дәлізі бойындағы туристік кластерді дамыту, жолдағы инфрақұрылымды жетілдіру бағытындағы жоспарларды баяндады. Көлік дәлізінің елімізге тиісті аумағында үш санатты инфрақұрылым нысандары салынады. "А" санатына туристік орталықтар, "Б" санатына демалыс орталықтары, "С" санатына қызмет көрсету орталығы кіреді. Ағашқы санатқа біздің аймақтағы «Байқоңыр» туристік орталығы, Қамбаш көліндегі туристік орталық, «Ғарыш айлағы» сауда ойын-сауық кешені, киіз үйлі қонақ үй, сондай-ақ, «Қорқыт ата» туристік орталығы ұсынылып отыр. Екінші санатқа әрбір 90 - 120 шақырым сайын орналасатын қызмет көрсету нысандарының құрылысы енген. Олардың 16-сы біздің облыс аумағында салынады. Соңғы санаттағы нысандар әр 50 шақырым сайын орналасады.

Өткен жылы аталған санаттар бойынша жол бойында салынатын инфрақұрылым нысандарының құрылыс техникалық тапсырмалары әзірленіп, бекітілді. Әзірге жобаларды жүзеге асыруға «ҚазМұнайГаз» АҚ, «Ақ Мұнай» АҚ және «Сырдария авто» ЖШС қызығушылық танытып отыр.

Облыс басшысы қызмет көрсету нысандарының мәдени орындарға жақын салынуы кәсіпкерлікпен қоса туризмнің дамуына жол ашатынын атап өтті. Сондай-ақ мәжілісте аймақ басшысы осы жұмыстарды үйлестіру үшін жұмыс тобын құруды тапсырды. Жұмыс тобы жол бойындағы нысандарда қанша жұмыс орыны ашылады, олардан түсетін салық түсімі, тағы басқа мәселелерді жіті зерделеп, қараша

айында есеп беретін болады.

Мәжілісте қаралған екінші мәселе бойынша сөз алған облыстық табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы басшысының міндетін атқарушы Бауыржан Шөменов жасыл белдеу жүргізу кезең-кезеңімен іске асырылып жатқанына тоқталды.

Қызылорда қаласы мен Қорқыт ата әуежайы аралығына, қала мен Шымкент автотрассасы аралығына, Жезқазған автотрассасымен және Теренөзек автотрассасымен екі аралыққа жасыл белдеу орналастыру жоспарланған.

Әуежайға барар жол бойында жер тегістеліп, арық тартылды. Суару және магистралды каналдар жаңадан салынып, қоршау жасалған. Бүгінде мұнда 68 мыңнан астам саяла ағаш көшеттері егілген. Қызылорда қаласының айналасына жасыл белдеу жасаудың 2-ші кезеңінде атқарылатын жұмыстардың ауқымы үлкен.

Аймақ басшысының тапсырмасына орай қаланың басқа да кірер қақпаларына жасыл белдеу орналастыру үшін ағаш отырғызылатын жер көлемі анықталды. Арықтар қазылып, алқапқа отырғызылатын ағаштардың түрі мен саны нақтыланып отыр.

Облыс басшысы бұл жобаны іске асырғанда Қызылорда қаласын шаңды дауылдан қорғауға басымдық берілуі керектігін айтты. Сондықтан жоба қайта қаралып, мамандардың ақыл-кеңесімен қайтадан жасауы тиіс. Сондай-ақ жасыл белдеудің аудан орталықтары мен белгіленген тірек ауылдарға да орнатылуы қадағаланады. Бұл мәселеде басты басымдықты анықтаудың, яғни Қызылорда қаласын шаңды дауылдан қорғаудың тиімді жолдарын табудың маңызы зор.

Қызылорда қаласы мен аудандарда орналасқан мекемелердің салық және бюджетке төленетін, басқа да міндетті төлемдері туралы хабарлама жасаған облыс бойынша салық департаментінің басшысы Әлібек Тілегенов пен облыстық қаржы басқармасының басшысы Қайратбек Сәрсенбаев мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындар мен мемлекеттік мекемелер бойынша берешектерге қатысты мәселелерді ортаға салды. Бүгінде салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті

төлемдерден 21435,3 мың теңге, міндетті зейнетақы қорына аударылатын жарналардан 3774,9 мың теңге және әлеуметтік аударымдардан 322,9 мың теңге, барлығы 25533,1 мың теңгенің берешегі құралып отыр. Оның ішінде, бюджет алдындағы салық төлемдерінен негізгі қарыз 8534,5 мың теңге, зейнетақы қорына аударылатын жарналардан негізгі қарыз 1128,4 мың теңге және әлеуметтік аударымдардан негізгі қарыз 305,1 мың теңгені құрайды.

Аталған берешектердің жиналуына әрекетсіз тұрған мекемелердің 2010 жылдан бері жалғасып келе жатқан қарыздары, қызмет атқарып тұрған мекемелер бойынша тапсырылған салықтық есептіктері негіз болып отыр. Берешектерді қайтару үшін салық басқармалары міндеттемелерін орындамаған салық төлеушілерге тиісті өндіру шараларын қолданған. Таратылған мекемелердің салық органдарының тіркеуінен шығарылмауы да мәселе туындатуда. Хабарламашының айтуынша, Қызылорда қаласының әкімшілігіне қарасты Ақсуат және Қоспыңырау ауыл әкімшілігінің жанынан ашылған орталықтандырылған бухгалтерияларды жабу туралы шешім шыққанына қарамастан, аталған мекемелердің қарыздары жабылмай, салық төлеушілер қатарынан шығарылмай тұр.

Жыл басында қызметі тоқтатылған мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындардың саны 80 болған. Оның 39-ы облыстық басқармаларға тиесілі. Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік заңды тұлғаларды тіркеуден шығаруға қаражат бөлінген. Салықтар мен зейнетақы қорларына қарыздарын және өсімпұлдарын жабуға да жағдай жасалған. Бірқатар кәсіпорындарды тіркеуден шығару жұмыстарын аяқтауға олардың салық алдындағы қарызының өтелеуі кедергі келтіруде. Облыс басшысы қызметі тоқтатылған басқармаларға қарасты кәсіпорындарға қатысты жұмыстарды апта соңына дейін аяқтауға тапсырма берді.

Аппарат мәжілісінің күн тәртібіндегі мәселелер толық талқыланып, тиісті шешімдер қабылданды.

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА.

Облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың өткен тұрақты кеңестің отырысында биылғы қала күні мерекесін ерекше көңілмен атап өтуді тапсырғаны белгілі. Міне, шаһардың атаулы күніне арналған дайындық шаралары да аяқталды. Қалаалықтарға көтеріңкі көңіл күй сыйайтын шаралар легін Байқоңыр қаласынан көлген өнерпаздар бастағалы отыр. Бүгін Н.Бөкежанов атындағы қазақ музыкалық драма театрында Сыр өлінің бас қаласының күніне арналған мерекелік концерт өтеді.



ҚАЛА КҮНІ МЕРЕКЕСІН БАЙҚОҢЫРЛЫҚТАР БАСТАЙДЫ

Жалпы, қала күні қызыл-ордалықтардың өміріндегі ең маңызды мерекенің бірінен саналады. Бастауын ежелден жер кіндігі саналып келген Байқоңыр ғарыш айлағының өнерпаздарының концертін алатын қала күні мерекесі апта соңына дейін жалғасып, әдемі әсерлерімен есте қалмақ.

Нақты кезеңде Байқоңыр ғарыш айлағы – төрткүл әлемдегі ең үлкен айлақтың бірі. Ушырылымдардың саны жөнінен де ол алдына ешкімді салмайды. Сондықтан да біз Байқоңырды облысымыздың бетке ұстар танымдық белгісі ретінде әрдайым мақтаныш тұтамыз. Аталған айлақтың туристік әлеуеті жоғары болуы себепті де ол «ЭКСПО-2017» Халықаралық көрмесінде шетелдік және отандық туристерге көрсетілетін нысандардың қатарына кіріп отыр.

Бүгінгі Байқоңыр – әлемдік ғылым мен техниканың ең озық жетістіктерінің тоғысы, ғарыш кеңістігіне батыл шабуыл жасауға жол ашқан адамзат ақылының шоғырланған жері. Бұған қоса, түркі тілдес халықтардың бабасы, рухани ортақ абызы – Қорқыт атаның өмір сүрген, мәңгілік байыз тапқан қасиетті орны.

Байқоңырмен бірге Қармақшы ауданындағы «Қорқыт ата кешенінің» де осы «ЭКСПО-2017» Халықаралық көрмесі санатына енуі біз үшін қуаныш.

Ғарыш кемесінің көк төсіне самғаған сәті – миллиондаған адамдар қызықтағысы келетін керемет көрініс. Мамандардың пікірінше, «Жер кіндігі – Байқоңыр» деген жалғыз брендтің өзі-ақ әлемдегі туристер ағымының оннан бірін осы Байқоңырға тартатын көрінеді. Мұны санға айналдыратын болсақ, Сыр өліндегі ғарыш айлағына жылына 700 мыңға жуық турист келеді. Айта кетейік, бұл арман осы қалада салынғалы отырған «Планетарий» сынды мегакешеннің құрылысы аяқталып, тиісті инфрақұрылым жасақталған кезде жүзеге асады.

Бұл жобаны нақты іске асыру үшін аса қомақты инвестиция қажет. Жобаны жасаушылар оның нақты мөлшерін анықтап та қойыпты.

Елбасының тапсырмасы бойынша бүгінде бұл жұмыстар басталып кетті. Қазір көршілес Ресей жағымен бірігіп консорциум құру және «Жол картасы» бағдарламасын бірігіп жүзеге асыру мүмкіндігі

ойластырылып жатыр. Жеке мен мемлекеттік әріптестігі арасында «Байқоңыр» ғарыш айлағында инфрақұрылымды бірлесіп жаңғырту мәселесі шешімін табатыны күн алыс емес. Сонымен қатар, осы жұлдызды қалашықта туризмді дамыту үшін транспорттық логистикалық орталық салынады. Бұған қоса, туристік саланы дамытуға арналған тұжырымдама бойынша Төретам бекетінде жаңа темір жол вокзалы салынып, инновациялық және туристік орталықтар бой көтеруі тиіс. Ая, «ЭКСПО-2017» көрмесі аясында осы жерде «Баламалы энергия көздерінің алаңы», Сырдария өзені жағалауында аквапарк салу және Байқоңыр қаласындағы 2 әуежай қайта жаңғыртудан өткізілуі тиіс. Міне, мүмкіндіктері зор Халықаралық ғарыш станциясы орын тепкен жұлдызды қалашықта осындай ауқымды жұмыстар атқарылады деп күтілуде.

Сонымен, қала күні мерекесін сан ұлттың өкілдері тату-тәтті өмір сүріп жатқан байқоңырлықтар бастағалы отыр.

Дәуіржан ЕЛУБАЕВ.

• «АЛТЫН ДӘН – 2013»

КҮЗ ШАШУЫ – МОЛШЫЛЫҚ ШАПАҒАТЫ

Биылғы жылы Сырдария ауданына қарасты шаруашылықтар мен жеке тұлғалар 17920 гектар жерге Сыр маржанын отырғызған болатын. Күзгі егін жинау науқанына белдерін буа, білектерін түре кіріскен сырдариялықтар Сыр салысын жинауды ұтымды ұйымдастырып, мезгілінде аяқтамақ. Өйткені, аудан бойынша егілген 17920 гектар күріш толықтай дестеге салынып, осыншама жердің 16644 гектарына, яғни егістік алқаптың 92,8 пайызын бастырып та болған. Бүгінде аудан аумағында 820456 центнер ақ күріш жиналып, әзірге әр гектардан алынған өнім 49,0 центнерден айналууда.

— Енді бір-жар күнде, — дейді аудан әкімінің орынбасары

Б.Лекеров, — Сыр маржанын жинауды толықтай аяқтамақпыз. Ауданымызда бірінші болып «Шаған жер» ЖШС күріш егісін аяқтап, астық тауларын тұрғызды. Айтса айтқандай, «Шаған жер» ЖШС биылғы жылы 2700 гектар жерге күріш егіп, бүгінде осыншама жердің астығын дестеге салып та, бастырып та болыпты. Әрбір гектардан 50 центнерден өнім жинаған шаруашылық 135 мың центнер астықты камбаға құйып та алыпты. Осы шаруашылықтың жатқисі Серік Әуезов 544 гектар жердің күрішін дестеге салса, комбайнер Серік Шалабаев 13800 центнер астық бастырған. Астық тасымалдаушылардың көш басында 19700 центнер астық тасыған

тракторшы Ермек Балықбаев келеді.

Жекелеген шаруашылық құрылымдары бойынша Алдаберген Құлбаев басқаратын «Қызыл-дихан» шаруашылығы көш басына шыққан. Шаруашылық егілген 800 гектар күрішті толықтай дестеге салып, 734 гектар жерін бастырып та болған. Әзірге 44040 центнер өнім жинаған шаруашылық дикандары әр гектар жерден 60 центнерден Сыр салысын камбаға құйыпты.

Осы шаруашылықтың жатқисі Хасен Нұрманов 587 гектар күрішті дестеге салса, комбайнер Әбділа Жаманкыз 43213 центнер астық бастырған. Ал, күрішшілер көш басына 34 гектар жердің өр гектарынан 84,1 центнерден Сыр маржанын жинап, камбаға 2861 центнер алтын астық құйған Жанкелді Смайлов шыққан.

Сөз орайы келгенде егін жинау науқанын жоспарлы жүргізіп жатқан «Мағжан и К» ЖШС егінші-механизаторларының да ересен еңбектерін айта кету ләзім. Күрішіші Болат Темірбеков өзі еккен 35 гектар жердің әр гектарынан 79,0 центнерден өнім алып, ел-халық несібесін молайтуға қомақты үлесін қосқан.

Сырдариялық егінші-механизаторлар санаулы күндері күзгі егін жинау науқанына нүкте қойып, «Алтын күз – 2013» торқалы тойына толымды тартумен келмек.

Е.АҚҚАЛИУЛЫ.
Сырдария ауданы.

ЖЕРГІЛІКТІ БЮДЖЕТКЕ 16,1 МЛРД. ТЕҢГЕ АРТЫҚ ТҮСТІ

Соңғы жылдары облыс салықшылары республика көлемінде тәуір көрсеткіштерге қол жеткізіп келеді. Үстіміздегі жылдың 9 айының қорытындысы бойынша осы жемісті көрсеткіш тағы да қайталанды. Атап айтқанда, аталған кезеңде облыс бойынша шоғырландырылған бюджетке жалпы салықтар мен төлемдердің түсімі 456,5 млрд. теңгені құрады. Осының ішінде республиканың ұлттық

аударылған қаржы 389,3 млрд. теңге болып отыр.

Өткен жылмен салыстырғанда шоғырландырылған бюджетке осы кезеңде 91 млрд. теңгелен астам қаржы артық түсірілді.

2013 жылдың 9 айында салық органының қузыретіндегі мемлекеттік бюджеттің болжамы 114,7 пайызға орындалды. Болжам 44,9 млрд. теңге болса, нақ түскені 51,5 млрд. теңге құрайды. Өткен жылдың 9 айымен салыстырғанда

мемлекеттік бюджеттің түсімінің өсу қарқыны 127,5 пайыз болды. Оның ішінде республикалық бюджет бойынша болжам көрсеткішімен салыстырғанда артық түскен қаржы 1 млрд. теңгеге жуықтайды. Айрықша атап өтерлігі, аталған кезеңде өткен жылмен салыстырғанда жергілікті бюджет бойынша болжам сомасынан 16,1 млрд. теңге артық түсті.

Ж.ӘЛМАХАНУЛЫ.



«Қала күні» мерекесі аясында өткізілетін іс-шаралар БАҒДАРЛАМАСЫ

№	Іс-шара атауы	Өтетін уақыты	Өтетін орны
1	Байқоңыр қаласы көркемөнерпаздарының мерекелік концерті	8 қазан, сағат 18.30	Н.Бөкежанов атындағы драма театры
2	Қазақстан футболының негізгі қаланыңа 100 жыл толуына орай «Қазақстан» құрамасы мен «Кайсар» құрамасы командалары арадагерлерінің жолдасдық кездесу ойыны	9 қазан, сағат 17.00	Орталық стадион
3	Жаңақорған, Жалағаш аудандарының мерекеге арналған тартуы	9 қазан, сағат 09.00	Орталық алаң
4	Шиеді ауданының мерекеге арналған тартуы (Әлемдік «Ақкөмір» концерті бағдарлама, көрме, кайырымдылық шаралары)	9 қазан, сағат 09.30	Жібек жолы көшесі («Ақкөмір» Сырдария» мешітінің алды)
5	К. Ахметовтің «Сіз кімсіз, Ка мырза?» көркем фильмінің тегін көрсетілімі	9 қазан, Сағат 19.00	«Жібек жолы» сұда - сауық орталығы
8	Арал ауданының мерекеге арналған тартуы	10 қазан, сағат 14.00	Жібек жолы көшесі
9	Қазалы ауданының мерекеге арналған тартуы	10 қазан, сағат 14.30	Жалғаш баһадүр ескерткішінің маңы
10	Сырдария ауданының мерекеге арналған тартуы	10 қазан, сағат 15.00	Өйтеке би-Қазыбек би көшесінің қиылысы
11	«ҚазГерМұнай» БК-ның 20 жылдығына орай республикалық ақылдар айтысы	10 қазан, сағат 15.00	Н. Бөкежанов атындағы драма театры
12	«Ән тербеген Қызылорда»-ретро фестивалі	10 қазан, сағат 18.00	“Сыр-Ана” монументі
13	«ҚазГерМұнай» БК-ның құрылғанына 20 жыл толуына арналған салтанатты жиналыс	11 қазан, сағат 17.00	Н. Бөкежанов атындағы драма театры
14	Қала күніне арналған Гала-концерт. Мерекелік отшану	11 қазан сағат 20.00	Орталық алаң

15	«Алтын күз-2013» мерекесіне орай өткізілетін ауыл шаруашылығы өнімдері жәрмеңкесі Арал ауданы : Қорқыт ата көшесі мен К.Яссауи көшесінің қиылысы (<i>Темір жол отетін тесік көпір аумағы</i>) . Қазалы ауданы : Ф. Мұратбаев көшесі мен К. Яссауи көшесінің қиылысы (<i>“Шұғыла” мәттек ауданы</i>). Қармақшы ауданы : «Дуна» мейрамханасы мен «Сырдария» сұда үйі аралығындағы алаң (<i>“Мерей” мәттек ауданы</i>). Жалағаш ауданы : №173 мектептің аумағы (<i>Титов қыстағы</i>). Сырдария ауданы : Жанқожа батыр көшесінің бойы (<i>Резалбаза ады</i>). Шиеді ауданы : Тасбөгет кенті (<i>Орталық алаң</i>). Жаңақорған ауданы : Астана данғылынан бойы (<i>Е.Кошербас көшесі мен Жетіс көшесінің аралығы</i>).	12 қазан сағат 08.00	
16	Күріш жәрмеңкесіне арналған салтанатты шара	12 қазан сағат 10.00	Студенттер сарайы
17	Еңбек Ері Цай Ден Хактың 100 жылдық мерейтойына арналған ғылыми-практикалық конференция	12 қазан сағат 11.00	Студенттер сарайы
18	«Алтын күз -2013» мерекесіне арналған салтанатты жиын. Егін жинау жұмыстарының қорытындысы мен өндіріс озаттарын марапаттау салтанаты	12 қазан сағат 16.00	Н. Бөкежанов атындағы драма театры
19	Қарағанды облысының мәдениет және өнер күндерінің ашылу салтанаты, концерті	13 қазан сағат 17.00	Н. Бөкежанов атындағы драма театры



ДЕПУТАТ БЕЛСЕНДІЛІГІ УАҚЫТ ТАЛАБЫ

Қоғам дамуында мәслихаттың жауапкершілігі артып, орны нығайып келеді. Елдегі тұрақтылықты, әлеуметтік ілгерілеушілікті, өндіріс пен шаруашылықты дамытудағы игі істерге бас болуымен бірге, мемлекеттік бағдарламалардың өз денгейінде жүзеге асуында да халық қалаушыларының үлесі мол болуы тиіс. Бұл орайда, өрине, әр депутаттың белсенділігі, өз сайлаушылары алдындағы сеніммен шығуы, іскерлігі мен ұйымдастыру қабілетінің жоғары болуы қажет. Қалай айтқанда да, жол бастау да, сөз бастау да оңай емес. Сондықтан аудандық мәслихат депутаттарына ізденісті еңбек етіп, біршама тер төгуге тура келеді.

Өткен жылы Жанакорған аудандық мәслихат депутаттығына 37 кандидат тіркелсе, оның 15-і сайлаушылар сеніміне ие болды. Сайланған депутаттардың 7-і екінші рет, 8-і алғаш рет сайланды. Олардың арасында түрлі мамандық иелері бар. Өрл олардың басым бөлігі еңбекте ысылған, жұртшылық арасында беделге ие азаматтардан құралды.

Сайланғаннан соңғы бесінші шақырылған аудандық мәслихаттың сессиясында депутаттар өз міндеттерін белгілеп, өзі атқаруға белсене кірісті. Олардың арасында «білім беру, денсаулық, мәдениет, қоршаған ортаны қорғау және табиғат ресурстарын ұтымды пайдалану, заңдылық, азаматтардың құқықтарын қорғау және құқықтық тәртіп жөніндегі тұрақты комиссияның» төрағасы міндетін атқарып келе жатқан депутат Сәулбек Ыскақтың талапқа сай қызмет атқарып келе жатқандығын айтқан жөн. Бұрын да облыстық мәслихатқа депутат болып сайланған, ал аудандық мәслихат депутаттығына қатарынан екі рет сенім білдірілген азамат өз жауапкершілігін жоғары деңгейде сезініп, тиісті ұйымдастыру жұмыстарын атқарып келеді. Сол секілді, «бюджет, экономика, құрылыс, өнеркәсіп, көлік, байланыс, ауыл шаруашылығы, коммуналдық шаруашылық, сауда және халыққа қызмет көрсету» тұрақты комиссиясының төрағасы Тұрдалы Қалдыбаев та сеніммен көрініп келеді. Бұл азаматтар тиісті жұмыстарымен қатар түн ұсынстар, жана идеяларды өрістететін табандылығымен ерекшеленеді.

— Халық қалаушыларының өз сайлаушылары алдында есеп беруінің жолға қойылуы депутаттарды халықпен тығыз байланысқа түсіріп, олардың атқарған істерінің жариялылығын арттырды. Әр округтен сайланған депутаттарымыз 3-4-тен сайлаушылармен кездесті. Өздерінің атқарған жұмыстары жөнінде есеп берді. Бұл екі жағдай да пайдалылығымен құнды. Оның үстіне сессияға дейінгі тұрақты комиссия отырысына дайындалатын материалдарды сапалы дайындау үшін кенесе отырып, жадауыл дайындауды қолға алдық. Осыған сай арнайы жұмысшы тобы құрылады. Оның отырыстарында ұсынылған мәселелер жан-жақты зерттеліп, талқыланады. Бұл өз кезегінде сессияда қаралатын мәселенің мәнін тереңдетіп, шынайы тұрғыда шешімге келуге мүмкіндік береді, — дейді өз өңгімесінде Жанакорған аудандық мәслихатының хатшысы Алмасбек Нәлібаев.

Өткен жылдан осы мерзімге дейін аудандық мәслихаттың 17 рет сессиясы өткізілді. Оның 5-і кезекті болса, қалған 12-і кезектен тыс шақырылды. Сессияларда 2012-2014 жылдарға арналған бюджетке 12рет өзгерістер енгізіліпті. Сондай-ақ, Жанакорған ауданының даму бағдарламасына тиісті өзгерістер, аудан әкімі жанындағы комиссиялардың ұсыныстарына сай, түрлі мәселелер қаралып, арнайы шешімдер шығарылды. Атап айтқанда, «Ауданда дене шынықтыру мен бұқаралық спорттың жайы және оны жақсартудың шаралары туралы», «Аудан халқына ауыз сумен қамтамасыз етудің және аудандағы ішкі автомобиль жолдарының жайы туралы» тиісті бөлім басшыларының есептері тыңдалды. Жан-жақты талқылаудан соң, тиісті шешім қабылданып, қадағалауға алынды.

Елбасының «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жана саяси бағыты» Жолдауының мәні өр кездесулерде терең түсіндірілуі өз пайдалылығын көрсетті. Айтылған ұсыныс-пікірлер мәслихатта жинақталып, кейбірі сессияның қарауына ұсынылып, оң шешімін тауып жатқандығы да бар. Аудан әкімшілігімен бірлесіп жұмыс жүргізу отңтүстіктегі аудан үшін тиімді өзгерістерге жол ашқандығын да

айтқан жөн. Жергілікті атқарушы орынынның мүмкіншілігінен жоғары облыс әкімшілігіне, облыстық басқармалар мен департаменттерге жолдану арқылы да оң шешім таба береді.

Соңғы сайланған депутаттар арасында №1 Сунаката ауылдық округінен сайланған халық қалаушы Ақылбек Жәнібеков ауылға аяқ су өкелетін каналдарды тазалауға, ал №2 Төменарық сайлау округіндегі депутат Нарымбет Қолжановтың ұсынысымен ауылда жана балабақша ашуға және №233 мектеп жанындағы интернатты жөндеуге де өзінің ықпалы тиді.

Ал №3 Үстүтқұдық ауылдық округінен сайланған депутат Мақсұт Жайсанбаевтың араласуымен «Құттықшы» елді мекенін электрмен жарықтандыру үшін қосымша трансформатор қою және ескі желілерді ауыстыруға қол жеткізді. Елге сыйла азаматтың бірі, депутат Рақымбаба Құтыбаев Қыраш аулынан жана мектеп ғимаратын салуға, Талғат Мамұров Манап аулынан клуб үйі құрылысының жылдамдатылуына, ал Құлмағанбет Исаханов Қаратөбеден әкімшілік кенесісін салуға сөз жәрдем жасады. Ел сеніміне ие болған азаматарымыз Нұрлыбай Қалжанов, Серік Ибрагимов, Әлібек Нәлібаев, Асылхан Шайыхов, Серік Абдуллаев, Бақытжан Абдуллаевтар сайлауалды бағдарламаларының іске асуына мұрындық болып, көпшіліктен қолдау тауып жүр.

Аудандық мәслихат жанында соңғы бес жыл көлемінде «Нұр Отан» партиясы мүшелерінің фракция тобы жұмыс істеді. Онда келелі мәселелер қаралып, дұрыс шешім табуда. Бүгінде өндіріс орындары мен халықтық құрылыстарда, халыққа қызмет көрсететін орындардың барлығында партиялық бақылау бекеттері орналас-тырылып, топ мүшелігіне сол саланың нағыз мамандары тартылды. Олар мемлекет тарапынан бөлінген қаржының мақсатты жұмсалуына назар аударалы.

«Депутат — халық қызметшісі» десек, олардың ел сеніміне сай белсенді жұмыс істеуі жауапкершілікті сезіну барысында үлгі болмақ.

Нұрмахан ЕЛТАЙ.
Жанакорған ауданы.

Әдетте ұстаздарды ұлы тұлғаға төнеп жатамыз. Бұл дұрыс та. Алайда, көйде осынау қарапайым да мәртебелі мамандық иелеріне пәндешілікпен үстірт қарайтынымыз да рас. Бір мұғалім досымның «Біздер педагогтар қауымы өте қызық жандармыз. Тәуліктің басым бөлігін шөкірттеріміздің амандағын тілеумен өткіземіз. Бетін аулақ қылсын. Жазатайым оқушыларымыз кәтелікке бой ұрса, мейлі мектептен тыс уақытта болсын, өзімізді кінемі санаймыз. Осылай жүріп мезгілдің қалай өткенін сөзбей де қаламыз» деген-ді. Ақиқатына жүгірсек, ұстаздардың арқалар жүгі ересен. «Ана — тіршіліктің, ұстаз рухани қалыптасудың бастауы» деп айтауы сонан да шығар. Ендеше, бүгінгі өңгімеміздің жөлісі ұстаздар жетістігін насихаттауға бағыталады.

ҰЛАҒАТТЫЛЫҚТЫ ҰЛЫҚТАҒАНДАР



Айгүл Сермаханова Аралдағы №262 мектеп-гимназияның ұлағатты ұстаздарының бірі. Бөген елді мекенінде дүниеге келген ол ана тіліміздің өсіп-өркендеуіне сүбелі үлес қосуда. Теніз төсейінде оның ішінде Шүкіров сынды қайсар ұлды жаратқан топырақта өлең-жырға, шығармашылыққа бейім болмау әсте мүмкін емес. Айгүл Смағұл қызының шөкірт тәрбиелеуде толайық табысқа кенелуінің кілті осында. Оған қоса бай тәжірибесін, жинап білімін шөкірттеріне үйретумен шектелмей өзі де ізденуден жалықпайды. Ізденген жетер мұратқа. Болдым-толдым деу тоқырауға соқтырарын жайына берік сақтайтын парасатты ұстаздың аудандық, облыстық, республикалық басылымдарда танымдық мақалалары, ғылыми-әдістемелік, тәжірибелік конференция ма-

териалдары, баяндамалары тұрақты түрде жарияланып тұрады. Айгүлдің республикалық «Білім кілті» газетінде жарық көрген «3. Шүкіров өлеңдерінің ерекшеліктері» атты еңбегіне оқырмандар асқан қызығушылық танытты.

Оқушының жан-дүниесін баулау — ұстаздың кәсіби шеберлігінің шыңы. Сандаған шөкірттерінің пәндік олимпиадаларда топ жаруы Айгүлдің білім, таным деңгейінің жоғары екендігінің нышаны. Бір кездері Мұхтар Әуезовтың мерейтойына арналған сыйахты жемісқа атаған Гүлбану Сембиева, аудандық оқушылар айтысында бас жүлдені еншілеген Ерженіс Әбдиев, «Абай оқуларында» топ жарған Айжан Қыдырбаева өзге де дарынды жастар өздерін Айгүл тәрбиеленгенін мектаныш санайды. Қазактың шұрайлы тілін маржандай мөдірлетіп өскелең ұрпақтың зердесіне тоқып жүрген жоғары санатты ұстаз, «Жыл мұғалімі» сайысының жеңімпазы, облыстық байқаудың «Өнерлі мұғалім» бағамының, педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты тәжірибе алаңының «Ең шығармашыл

ұстаз» медалінің иегері Айгүл Сермаханованың алар асуы алда екені күмәнсіз.

ШӨКІРТІН БІІККЕ ЖЕТЕЛЕН ҰСТАЗДЫҢ БІРІ

Арал қаласындағы №14 мектеп-лицейдің иеі Айгүл Сермаханованың есімі көпшілікке жақсы мәлім. Оның «ҚР Білім беру ісінің үздігі» атағынан-ақ білікті ұстаз екендігін анғару қиынға соқпайды. Өзінің ширек ғасырға жуық еңбек жолында Жанна Қапанғалиқызы көптеген белестерді бағындырды. Айтуға ғана оңай. Әрбір жетістікке жету үшін телгейі тер төгілді. Қаншама күш-жігер жұмсалды. Бірақ бөрінің өтеуі бар. Әрине, табандылық танытпаса, білімін шыңдаудан тартынса, мұндай жетістік өзінен өзі келмес еді. «Адамға бір пайыз дарын беріледі.

Айгүл АМАНЖОЛҰЛЫ.

ЖАС ЗЕРТТЕУШІЛЕР ЖӨРМЕҢКЕСІ



Білім беру мекемелерінде оқу-тәрбие үдерісінің деңгейін жетілдіру, шығармашылықпен жұмыс істейтін жастар мен мұғалімдердің ұздік ғылыми-техникалық жаңалықтарын айқындау және тарту, өндірістегі және білім беру жүйесіндегі инновациялық идеяларды қолдап, дамуына дәнғал жол салу күн тәртібіне тұр.

Осы мақсаттарға орай Кармакшы ауданындағы «Қоркыт елі — Кармакшы» жастар қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен «Жана технология — жана қарым-қатынастар үлгісіне бірігі» тақырыбында аудан жастары арасында инновациялық жобалар мен идеялар жәрмеңкесі өткізілді.

Жәрмеңкені «Қоркыт елі — Кармакшы» ЖҚБ-нің қызметкері Ербол Құлмырзаев жүргізіп отырды. Ағашқы сөз алған аудандық білім бөлімінің әдіскері Тәжігүл Әбенова аудандағы ондаған мектеп оқушылары республикалық жалпы пәндер бойынша ғылыми жобаларға, «Жас ғалымдар альянсы» атты байқауларға қатысып жүргендері жайлы кеңірек баян етіп, қазіргі таңда 20 оқушы республикалық ғылыми жобаларға қатыстырылуға ұсыныс жасалғанын тілге тиек етті. Егер сарапал айтар болсақ, №26 орта мектептің 11-сынып оқушысы Нәзерке Болатбекова «Арал өңірі жағдайында қантты құмайды ендіру технологиясы» тақырыбында өзекті мәселелер қозғаса, осы мектептің оқушысы Н.Алишбаев жұмысы «Ел игілігіне қызмет еткен Жосалы механикалық зауыты тарихы» болған. Ал, №10 мектептің оқушысы Фариза Ғалымбекова «Физика ғылымын ұлттық педагогикамен байланыстыру тиімділігі тақырыбында» ой қозғаса, №107 мектептің шөкірті Сағадат Ералиев «Табиғи шикізаттармен қад-сыйлықтар жасау» тақырыбында баян етіп, өз қолынан жасалған ұлттық бұйымдарды көпшілік назарына ұсынды.

Аудан аумағындағы жастар арасында тұңғыш рет өткізіліп отырған инновациялық жобалар мен идеялар жәрмеңкесінде №199 мектептің 10-сынып оқушысы Ақтұл Қасымқалыева «Қыр дүлейі — Дүр Оңғар», №111 мектептің 8-сынып оқушысы Зұлфиқар Ұлыбай «Пирамиданың біз білмейтін сырлары» атты тақырыбындағы зерттеулері жоғары бағаланып, қосымшалар енгізуге қатысты ұсыныстар айтылды.

Жәрмеңке соңында әліқалаулар алқасы тарапынан қосымшалар ғылыми жобаларына бағалар беріліп, жетістіктері мен кемшіліктері ескертілді. Сонымен І орынды Нәзерке Болатбекова еншілес, ІІ орындар Азиз Измаханов, Нұрболат Алышбаев, ІІІ орындарды Фариза Ғалымбекова, Сағадат Ералиев, Есімбек Айсұлұларға бұйырды. Ал, қалған қатысушылар арнайы дипломмен марапатталып, бағалы сыйлықтар алды.

Е.АККАЛИУЛЫ.
Кармакшы ауданы,
Жосалы кенті.



2013 жылы қазақстандық почта ұлттық экономиканың дербес сегменті ретінде почта саласының белінегіне 20 жыл толуын атап өтеді. Бұл Қазақстан Республикасындағы почталық аймақта мамандандырылған құқық кеңістігін қалыптастыруға және әр түрлі мәншік нысандарымен почталық операторлардың жұмыс істеуіне қолайлы жағдайлар жасауға мүмкіндік туғызды.

Осыдан 20 жыл бұрын почта саласында сол кездердегі мемлекеттік деңгейде қабылданған шешімдер дұрыс болғаны анық. Олар почтаның ел ішінде ерекше сенімге ие болғанына негізделген еді. Бұл әсіресе ауылдық жерлерге тән. Көптеген ауылдарда бүкіл мәдениеттің орталығы болып табылатын қарапайым ғана почта байланысы бөлмеші ылғы жанында жер. Мұнда өлемде, ауылдың өзінде не болып жатқаны жөнінде хабардар боласың.

Дүниежүзілік почта күнін мерекелеуге және еліміздің, экономикасының дербес сегменті ретінде почта байланысы сапасының 20 жылдығына байланысты айрықша мәнді оқиғалар қарсаңында қазақстандықтардың соңғы жылдардағы негізгі іргетасы қалғанға өрі қарай үдемелі дамуын аяуып жүретін почта қызметінің жетістіктерімен таныстырып келеді.

Филиалдың негізгі жетістіктері ретінде еңбек ресурстарын қушейтудің атап өткен жөн. Еңбек өнімділігінің 3-есуіне байланысты соңғы 10 жылда қосымша 157 жұмыс орны ашылды. Почта қызметінің ауқымды өртарапандырылуы почталық қызметпен қатар қаржылық қызмет көрсету арқылы оны коммерциялауды көздеді. Жазбаша хат-хабарлар көлемі 3,5 есе, сәлемдемелер 3 есе, мерзімді баспасөз басылымдары 3 есе, бюджеттік мекемелерге еңбеккегі төлеу 7,6 есе, зейнетақы мен жәрдемақы 4,7 есе, салықтар мен коммуналдық төлемдер қабылдау 68,5 есе, ақша аударымдары 4,5 есе өсті.

Қазіргі күні облыс халқына 7 аудандық почта байланыс торабы, 26 қалалық, 104 ауылдық байланыс бөлмешілері, байланыс пункттері 3 жылқымыз почта байланыс бөлмешілері 34, барлығы 175 өндірістік объектілер халыққа почталық, қаржылық, агенттік қызмет түрлерін көрсетеді. Ал Қызылорда облысының почта жүйесінде 175 өндірістік объектілерде 800-ге жуық қызметкерлер жыл сайын 7 миллионға жуық почта жөнелтілімдерін өңдеп, жеткізеді.

«Қазпочта» АҚ мерзімді баспасөз басылымдарын тарату жөніндегі қызмет рыногының монополисі емес. Біздің бәсекелестеріміз — бөлшектеп сату жүйесі мен

ЖЕМІСТІ ЖИЫРМА ЖЫЛ

қалапардағы кепілдікпен жеткізу жүйесімен жұмыс істейтін кішігірім компаниялар. Біз олардың бағасы жағынан және қызметі жағынан бәсекедеміз. Біздің басым жағамыз тәжірибе мен жауапкершілік, ал олардікі — өр тұтынушыға икемделу мүмкіндігі.

Ең шалғай елді мекендерге дейін жайылған желілерінің арқасында облыс бойынша таратылатын газеттер мен журналдардың 95 пайызынан астамы облыстық филиал бөлмешілері арқылы жеткізіледі. «Қазпочта» АҚ мерзімді баспасөз басылымдарын тарату ісінде орасан мол тәжірибе жинақтаған. Жазылуға қабылдаудан бастап, тапсырыстарды өңдеу, оларды баспагерлер мен редакцияларға беру процесстерімен жалғасатын және жазылушыларға дедласыз жеткізумен аяқталатын толық өндірістік цикл.

Жалпы 720 мың халықтың 91,3 пайызы почта қызметімен қамтамасыз етілген. Облыстық филиал почта тасымалдауды аудан орталықтарына жеткізу бойынша атқасаны 7 рет тасымалдап, республика бойынша бірінші орында тұрса, елді мекендерге почта жөнелтімдерін ара қашықтығына байланысты ауылдық почта байланыс бөлмешілеріне 5 рет, почта байланыс пункттеріне 3-5 реттен тасымалданды. Автопарк тіжетілдіру мақсатында соңғы жеті жылда 50 автокөлік сатып алынды.

Арнайы байланыс қызметі кәсіби почталық және арнайы байланыс қызметінен тыс 15-тен астам қызмет түрлерін көрсетеді. Салымдардың құпиясы заңмен қорғалатын материалдар мен мәліметтер, маңызды, бағалы және жоғары бағалы почталық арнайы жөнелтімдер салынған жөнелтімдердің барлық түрлерін «есіктен-есікке», «қолдан қолға» принципі бойынша табыс етіледі. 1999 жылдан бастап «Қазпочта» EMS өлемдік желісін ұлттық жедел почта операторының қызметінен атқаруда.

Тұтынушылық қарыздар беру және почталық байланыс бөлмешілерімен банкірдердің шоттарына депозиттер қабылдау жөнінде екінші деңгейлі банкірмен агенттік келісім жасаудың арқасында және почтаның әлеуметтік мүмкіншіліктерін пайдалана отырып агенттік қызмет желілері арқылы «Хоум-Кредит Банк» АҚ 2013 жылдың 9 айында несие алушыларға 1898 млн. теңгеге несие берді. Сонымен қатар «Хоум-Кредит Банк» АҚ қосымша қасаларын барлық аудан орталықтарынан ашты.

«Қазпочта» АҚ мемлекеттік зейнетақы төлеу орталығының тікелей агенті болып табылады. Филиалдың 2001-2013 жылдар аралығындағы

зейнетақы мен жәрдемақы төлеуі 8,2 есеге өсіп, облыста таратылатын зейнетақының 70 пайызын құраса, ауылдық жерлерде 100 пайызын құрап отыр. Зейнетақы мен жәрдемақы тарату қазіргі уақытта орташа есеппен ай сайын 2 200 мың теңгеге жетті.

Жеке тұлғалар мен заңды тұлғалардан Қазақстан Республикасының бюджетіне салықтар мен басқа да міндетті төлемдерді қабылдау жүргізіліп келеді. Төлемдерді қабылдау осы уақыт ішінде 109,4 есе артты.

Ақша аударымдары почта байланысының құрлық қызметі болып табылады. 2006 жылдың қаңтар айынан мәліметтерді жөнелтудің электронды арналарын қолдану есебінен почталық ақша аударымдары қызметінің қазіргі сапа стандартын қамтамасыз ететін «Жедел аударымдар» қызметі енгізілді. Қазіргі кезде «Қазпочта» АҚ өзара почталық ақша аударыммен алмасуды 19 елмен жүргізеді.

«Қазпочта» АҚ 2012 жылғы Халықтық ІРО «ҚазтрансОйл» АҚ акцияларын сатуды бастады. Бекітілген көрсеткіштерге сәйкес, бір қарапайым акцияның құны 725 теңгеге тең болды.

Компания акцияларына деген сұраныс ұсыныстан 2 есеге артып, 59,4 млрд. теңгені құрады. Соның ішінде, жеке тұлғалардан 22,1 млрд. теңгеге 34 676 өтімді, ұлттық зейнетақы қорларының және маркет-мейкер тарапынан 37,3 млрд. теңгеге өтімді келіп түсті. Облыс бойынша «Қазпочта» АҚ 132 213 175 теңгеге 750 талсырыс қабылдады.

2013 жылғы Халықтық ІРО-ға шығарылған ұлттық компаниялардың ішінде «KEGOC» АҚ бірінші орында. Осы өрі қазақстандық инфрақұрылымдық компанияның акцияларын осы жылдың қараша-желтоқсан айлары аралығында сатылымға шығару жоспарлануда.

Біз халыққа қызмет көрсету сапасын, почта жөнелтімдерінің өту жылдамдығын көтеру және клиенттер біздің сұранысын барынша қанағаттандыруына қызметімізді көрсететін қызмет түрлерін кеңейту үшін жұмыс жасап келеміз. Жетістіктерге қол жеткізу ең алдымен 800 жұмыскерлерден тұратын үлкен ұжымның ерен еңбегі мен кәсіби біліктілігінің жемісі. Бұл жемісті қол алдағы уақытта да өзінің жалғасын таба беретін болады.

Әнуарбек ӘБДИМӨЙІНОВ,
«Қазпочта» АҚ
Қызылорда облыстық
филиалының директоры.

жалақылары уақытылы төленіп, еңбек мөлшерімен қаржысына шыққан кездерінде көтермелеу шаралары жасалатынын көрнеді.

Өткен тоғыз айда уақысқа арқылы 6 млн. 277 мың газет-журнал, 1 млн. 869 мың хат-хабар, сондай-ақ 300-ден астам түрлі сәлемдеме мен бандероль өз иелеріне уақытылы жеткізіліп берілген.

Сөз соңында пошта сұрыптау және тасымалдау уақысқисінен еңбек ұжымын ертеңгі кәсіби мерекелерімен құттықтап, хат-хабар күткен қалың қауымын сеніммен шыға беріңдер дегіміз келеді.

Бақтыбай БЕРДІБАЕВ.

Қызметке конкурс

«Қызылорда облысының құрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесі бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуға ашық конкурс жариялайды:
1. Жобалау бөлімінің басшысы (D-0-3) (негізгі қызметкердің Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында оқу мерзімі уақытында 2014 жылдың 1 шілдесіне дейін).

Қызмет атқарған жылдарына байланысты лауазымдық жалақысы 84563 теңгеден 114032 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

Қызметтік міндеттері: Бөлім жұмысында басшылық, бөлім мамандарының жұмысын бақылауға, басқарма басшысы тарапынан бөлімге міндеттелген тапсырмалардың орындалуын қамтамасыз етуге; Қызылорда облысының құрылыс саласы бойынша жаңадан салынатын объектілерді жобалау жұмыстарын қысқа және ұзақ мерзімдік жоспарларын жасауға, мердігер мекемелердің облыста салынатын объектілердің жобалау-сметалық құжаттарын өз мерзімінде әзірлеуіне басшылық жетік және бақылау жасауға; басқарма арқылы құрылыс жүргізіліп жатқан объектілердің авторлық қадағалау жұмыстарына басшылық пен бақылау жасауға; бөлімнің міндетіне жататын жұмыстарды жоспарлауға, ұйымдастыру-әдістемелік шараларды даярлау мен орындауға; бөлімнің құзыретіне жататын мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, мәжілістер мен кеңестер өткізуге, басшылықтың тарапынан өткізілетін мәжілістерге қатысуға, ұсыныстар беруге; басқарманың ұйымдастыру-құжаттамалық, материалдық-техникалық, ақпараттық-технологиялық, қамтамасыз ету жұмыстарын жүзеге асыруға; бөлімнің мекеменің өкілдігі қызметін жасқарту бойынша басқарма басшылығының қарауына жобалау мен ұсыныстар енгізуге; қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарында қарастырылған міндеттері бойынша бөлім қызметкерлерінің мерзімдік және орындалуын бақылау, бөлімнің бақылаудағы құжаттарын дер кезінде орындалуын ұйымдастыру, бөлімге жеке және заңды тұлғалардан келіп түскен арыз-шағымдардың дер кезінде қаралып, оның орындалуына бақылау жасауға міндетті.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: жоғары техникалық білім (инженер, инженер-құрылысшы немесе жобалаушы);

- жұмыс тәжірибесі келесі талаптардың біріне сәйкес болуы тиіс:

- 1) мемлекеттік қызмет өтілі екі жылдан кем емес;
- 2) мемлекеттік органдарда басшылық немесе өзге лауазымдарда жұмыс өтілі бір жылдан кем емес;
- 3) осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес облыстарда жұмыс өтілі үш жылдан кем емес, оның ішінде басшылық лауазымдарда бір жылдан кем емес;

4) жоғары оқу орнынан кейінгі бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарында мемлекеттік тапсырыс негізінде нештелдіп оқу орындарында Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтауы;

5) ғылыми дәрежесінің болуы.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы», Конституциялық заңдарын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыйбалас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Нормативтік құқықтық актілер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, «Қазақстан – 2050» Стратегиясы, қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты туралы стратегиясы білугі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызметшілердің Ар-намыс Кодексі, «Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Заңын, Құрылыс нормалары мен Ережелерін, «Мемлекеттік қызмет өткеру тәртібі туралы ережені бекіту туралы» ҚР Президентінің Жарлығын білуі.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білмдер. Компьютерде жұмыс жасай білуі. Мемлекеттік және орыс тілдерін білуі.

2. Құрылыс стратегиясын және тұрғын үй құрылысын дамыту бөлімінің басшысы (D-0-3).

Қызмет атқарған жылдарына байланысты лауазымдық жалақысы 84563 теңгеден 114032 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

Қызметтік міндеттері: Бөлім жұмысында басшылық, бөлім мамандарының жұмысын бақылау, басқарма басшысы тарапынан бөлімге міндеттелген тапсырмалардың орындалуын қамтамасыз ету, республикалық

және облыстық бюджеттер қаржысына облыста салынатын құрылыс объектілерінің алдағы жылдардағы болжамды стратегиялық жоспарын әзірлеу, салынатын жатқан құрылыстардың ай сайын, тоқсан сайын және жыл қорытындысы бойынша атқарылған жұмыстарының мониторингін жасауды ұйымдастыру; басқармаға жүктелген тұрғын үй құрылысы саласын дамытудың мемлекеттік саясатын жүргізуге атсалысу, тұрғын үй құрылысын дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру бойынша жұмыстарды ұйымдастыру; әлеуметтік құрылыс объектілерін салу бағдарламаларын және тұрғын үй құрылысы бағдарламаларын жүзеге асыру бойынша жоғарғы органдарға есептемелер әзірлеу, аудандардың облысқа маңызы бар қалалар) бюджеттерін бөлетін нысаналы даму трансфертерін арқылы салынатын объектілердегі құрылыс жұмыстарына мониторинг жүргізуді ұйымдастыру; басқарманың стратегиялық жоспарын әзірлеу жұмыстарына сәйкес басқарманың міндетіне жататын жұмыстарды жоспарлау, ұйымдастыру-әдістемелік шараларды даярлау мен орындау; бөлімнің құзыретіне жататын мәселелер бойынша шешімдер қабылдау, мәжілістер мен кеңестер өткізу, басшылықтың тарапынан өткізілетін мәжілістерге қатысу, мекеменің әкімшілік қызметін жүзеге асыру бойынша басқарма басшылығының қарауына жобалау мен ұсыныстар енгізуге; қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарында қарастырылған міндеттері бойынша бөлім қызметкерлерінің мерзімдік және орындалуын бақылау, бөлімнің бақылаудағы құжаттарын дер кезінде орындалуын ұйымдастыру, бөлімге жеке және заңды тұлғалардан келіп түскен арыз-шағымдардың дер кезінде қаралып, оның орындалуына бақылау жасауға міндетті.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: жоғары техникалық білім (инженер-құрылысшы немесе сәулетші);

- жұмыс тәжірибесі келесі талаптардың біріне сәйкес болуы тиіс:

- 1) мемлекеттік қызмет өтілі екі жылдан кем емес;
- 2) мемлекеттік органдарда басшылық немесе өзге лауазымдарда жұмыс өтілі бір жылдан кем емес;
- 3) осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес облыстарда жұмыс өтілі үш жылдан кем емес, оның ішінде басшылық лауазымдарда бір жылдан кем емес;

4) жоғары оқу орнынан кейінгі бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарында мемлекеттік тапсырыс негізінде нештелдіп оқу орындарында Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтауы;

5) ғылыми дәрежесінің болуы.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы», Конституциялық заңдарын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыйбалас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Нормативтік құқықтық актілер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, «Қазақстан – 2050» Стратегиясы, қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты туралы стратегиясы білугі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызметшілердің Ар-намыс Кодексі, «Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Заңын, Құрылыс нормалары мен Ережелерін, «Мемлекеттік қызмет өткеру тәртібі туралы ережені бекіту туралы» ҚР Президентінің Жарлығын білуі.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білмдер. Компьютерде жұмыс жасай білуі. Мемлекеттік және орыс тілдерін білуі.

3. Экономикалық талдау және бухгалтерлік есеп бөлімінің бас маманы (D-0-4). 1 орын.

Қызмет атқарған жылдарына байланысты лауазымдық жалақысы 84563 теңгеден 86485 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

Қызметтік міндеттері: Бюджеттік бағдарламалар бойынша күрделі құрылысқа берілген өңделу жұмыстарын игізудің құқықтық және қаржылық рәсімдерін уақытында жүзеге асыру және өз мақсатына жасасуға, мердігер мекемелердің әлеуметтік объектілері құрылыс нысандарындағы құрылыс-монтаж жұмыстарын орындауына есеп жүргізуге, басқармаға қажетті құрал-жабдықтар мен мүліктерді қолдануына қажетті құжаттар қағары жылына мемлекеттік сатып алуды өткізу жоспарының жобасын даярлауға; Мемлекеттік сатып алу туралы ҚР Заңының талаптарына сай әлеуетті жеткізіп берушілердің қажетті құжаттарын қабылдауға; басқарманың қызметіне қажетті қамтамасыз етуге қажетті тауарлардың, жұмыстарды және көрсетілетін қызмет түрлерін мемлекеттік сатып алу бойынша басқарма бұйрығының жобасын даярлауға; басқарманың қызметіне қажетті мүліктерді қарау мен қолдануға қажетті жүргізу мен жарамсыз мүліктерді негізгі қордан есептен шығарып отыруды ұйымдастыруға; басқарманың бухгалтерлік

қызметіне жататын бюджеттік классификациясы коды бойынша бюджеттік бағдарламалар жобаларының. Төлқұжаттарын даярлауға; бөлім бойынша бақылаудағы құжаттардың орындалуына және бөлімдегі құжат айналымына бақылау жасауға; бөлім бойынша бақылаудағы құжаттардың орындалуына және бөлімдегі құжат айналымына бақылау жасауға; 13-1 және 13-2 мемлекеттік есеп нысандарын тиісті мерзімде дерляп, тапсыруға; бөлім басшысы арқылы орнындағы берілген жеке және заңды тұлғалардан келіп түскен өтініштерді заңдылықтарға сәйкес дер кезінде қарап, тиісті жауаптарды мезгілінде жолдауды міндетті.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: жоғары экономикалық немесе бухгалтерлік есеп немесе қаржыгерлік білім;

- мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес облыстарда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі экономикалық немесе бухгалтерлік есеп немесе қаржыгерлік білімі барларға рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы», «Қазақстан Республикасының Конституциялық заңдарын», «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыйбалас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Нормативтік құқықтық актілер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы», «Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлығын білуі және осы саладағы басқа да нормативтік құқықтық актілерін білуі.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білмдер.

Компьютерде жұмыс жасай білуі. Мемлекеттік және орыс тілдерін білуі.

Конкурс «Мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясының қалыптастыру туралы» Қазақстан Республикасының заңында бекітілген Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы №06-7/32 бұйрығына сәйкес өткізіледі.

(Қазақстан Републикасының Әділет министрлігінде 2013 жылдың 20 наурызында №8380 болып тіркелді).

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген азаматтар келесі құжаттарды тапсырады:

1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініш;

2) 3x4 үлгідегі суретпен осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысанда толығымен саулнама;

3) білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;

4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің жинағы 2010 жылғы 21 желтоқсанда №657 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

7) құжаттарды тапсыру сәтінде үкекілетті органмен белгіленген шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат;

Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

Мемлекеттік қызметшілермен тапсырылатын осы тармақтың 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды олар жылы істейтін мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) куәландыра алады.

Әңгімелесуге жіберілген үміткерлер оны қандидаттарды әңгімелесуге жіберу туралы хабардар ету күнінен бастап 10-да салықтық бухгалтерлік есеп жүргізу саясатына сәйкес басқарманың нұмартында 120001. Қызылорда облысы.

Иса Тоқтыбаев 2 түйінге, №1 мекен-жайы бойынша өтеді.

Конкурсқ комиссиясының қорытынды мәжілісі әңгімелесу жүргізілгеннен кейін 2 жұмыс күні ішінде өткізіледі.

Конкурсқа қатысушыларға қажетті құжаттар аталмыш хабарландыру соңғы жарияланған мерзімнен бастап 10 жұмыс күні аралығында **Қызылорда қаласы, Иса Тоқтыбаев 2 түйінге, №1 үйде тапсырылады. Анықтама телефондары 8 (724-38) 24-6-44, 20-40-06-30.**

Аталмыш лауазымдарға орналасқан адамдар үшін көтерме шығындар төленбейді, тұрғын үй және жергіліктіктер ұсынылмайды.

Қызылорда облысының құрылыс басқармасының конкурстық комиссиясы.

Әрбір адам білуі керек

Тұрмыстық газ қондырғыларын пайдаланудың пайдалы қасиеттерімен қоса, оның қауіпті жағы да бар.

Табиғи газдар негізінен метан газынан тұрады. Ал метан газы ауамен қосылғанда жарылыстан және өрттен қауіпті қоспа жасайды, сондай-ақ ұлағыш және тұншықтыру қасиеттері бар. Газ құрылғыларының қауіпті жұмыс жасап тұруын, газды пайдаланып болғаннан кейін, ондағы және оның алдындағы қрандардардың жабылуын, газ плиталарының тазалығын, 1-ші қабаттағы газ құбырындағы қранның жабылмауын, балаларға газ қондырғыларын пайдалануына тыйым салуын мұқият бақылау жасап тұру керек.

Ас бөлмелерде желдетпе каналы болу керек, ол болмаған жағдайда терезенің жоғары бөлігінде желкөзі болуы керек. Ас бөлменің көлемі төрт көзді газ плитасына 15 текше метрден, үш көзді газ плитасына 12 текше метрден, екі көзді газ плитасына 8 текше метрден кем болмауы керек. Техникалық шарттарына сәйкес болмаса, желдетпе нашар болса ауы газдың мөлшері шамадан тыс болуы мүмкін. Ауаның толық келуін қамтамасыз етпесе, жану барысында иісті газ шығу мүмкін.

Иісті газ-өте улы зат, аздаған мөлшерде қанмен араласып, ағзада жиналып уландырады. Бөлмеде иісті газдың 0,5% болған кезде, 20 минуттан кейін адам ажалды уландыруға әкеліп соғуы мүмкін!

Ас бөлмесінде газ плитасын қосқан жағдайда терезе желкөзі ауаның толық келуін қамтамасыз ету үшін ашық болуы керек. Пешті пайдаланар алдында оның жаңарғысына ауа беруі үшін оның есігін шамалы уақыт ашып қоюымыз керек. Газды пайдаланып болғаннан соң ондағы, оның алдындағы қрандарды жабуы қоюымыз керек.

Бөлмені жылыту үшін газ плитасын пайдалануға тыйым салынады.

Пеш жаңарғысын және газ пештерін қосар алдында мұржаның тартылуын тексеру керек.

Жылыту маусымы басталар бұрын жылыту қондырғыларының және ағынды су жылытқыштардың мұржаларын тазалапты, олардың іске жарамдылығы туралы акті алу қажет.

Уақытында техникалық қызмет жасалынбаған, мұржалары тазаланбаған газ қондырғыларын пайдалану тұрғындарды қауіпке жағдайға ұшыратуы мүмкін. Әсіресе УГОП-16 газ жандырғыштарын қолданағанда айрықша сақтық қажет. Тұтынұшыларға УГОП-16 газ жандырғыштарын газды мұржасы тартпай тұрғанда, горелкаға газ келмей қалғанда, пеш арқылы өтетін судың температурасы 93 градустан асқанда, газдың қысымы өте азайып кеткенде сөндіріп тастайтын қауіпсіздік автоматикалары бар газ пештеріне ауыстыру жөнінде кеңес береміз. «ҚазТранс-

Газ Аймақ» АҚ Қызылорда өндірістік филиалы Қорқыт ата көшесі, 26 А үй тұрағында осындай қауіпсіздік автоматикасы бар пештердің бір түрін халыққа пайдалануға ұсынады.

«Табиғи газ пайдалануды және тарату желілерінің өнеркәсіптік қауіпсіздігі талаптарына» сәйкес тұтін шығару құрылғыларының техникалық жағдайын тексеру мұржаның тартуы нашарлаған уақытта және маусымды құрылғыларының жұмыстары басталғанға дейін жүргізіледі. Мұржаларды және желдеткіш каналдарды арнайы мекемелер тексеріп, нәтижесі қорытынды актіге енгізіледі.

Пешті пайдалану барысында пештің және мұржаның жарамдылығын үнемі бақылап, қажет болған жағдайда уақытылы жөндеу жұмыстарын жүргізіп отыру керек.

Газ қондырғыларын пайдаланғанда мыналарға **тыйым салынады:**

- газ-жағу қондырғыларына өз бетінше қандай да болмасын өзгерістер енгізуге және жөндеуге;

- ошақты алдын-ала желдетіп алмай тұрып пешті жағуға;

- жапып тұрған газ плитасын бақылаусыз қалдыруға;

- қондырғыларды өз бетінше орынан алуға және қайтадан орнатуға;

- мектеп жасына дейінгі балаларға газ қондырғыларын пайдалануға;

- газдың шығып тұрғандығын ашық от арқылы тексеруге;

- жылу жыіесіне қосылмаған және сумен толтырылмаған газ пештерін жағуға;

- қорғаныс автоматикалары істен шыққан газ пештерін пайдалануға;

- өз бетімен газ қондырғыларын орнатып, пайдалануға, газ пештерін мен газ жандырғыштарына техникалық қызмет көрсетуді арнайы оқытылған мамандар ғана жүргізеді;

- газ плиталарын бөлмелерді жылыту үшін пайдалануға;

- газ плиталарын жағып қойып, киім кептіруге.

Бөлмеде газ иісі байқалған жағдайда дереу есептегіш алдындағы қранды жауып, бөлмені желдетіп, 104 телефоны арқылы газ шаруашылығы мекемесінің апаттан қорғау қызметіне хабарлап керек.

Үйлердегі және пөтерлердегі газ қондырғыларының қауіпсіз жұмыс жасалуына газ пайдаланушылардың өздері жауапты.

Есте сақтыңыздар! Газды дұрыс пайдаланбаған жағдайда ғана ол қауіпті!

Айғаным АРЫСТАНОВА, «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Қызылорда өндірістік филиалының жетекші маманы.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАНДАР!

Осы жылдың қазан айының 7-жұлдызынан бастап 2014 жылдың мерзімдік баспасөз басылымдарына жазылу басталды.

«Қазпочта» акционерлік қоғамы:

• газеттер мен журналдарға жазылуының ең қолайлы мүмкіншіліктері;

• 2014 жылға «Қазпочта» АҚ «Газеттер мен журналдар» каталогы және 2014 жылдың 1 жартыжылдығына Ресей Федерациясының көптеген каталогтары бойынша басылымдарға жазылуы қабылдауды;

• 6 мынанан астам алуан түрлі, қызықты әрі пайдалы басылымдарды;

• жаздырып алатын баспа басылымдарыңыздың жоғалмауына кепілдік;

• басылымдарды тікелей үйге, жұмыс немесе оқу орнына жеткізуді ұсынады.

Толық ақпаратты «Қазпочта» АҚ филиалдарының кез келген почта байланыс бөлімшесінде немесе жазылу қабылдау пункттерінде алуыңызға болады.

«Қазпочта» - өрканшан қозғалыста!

Байланыс телефондары: 23-54-51, 23-54-91.

«Қазпочта» АҚ ҚОФ-ның әкімшілігі.

Қызметке конкурс

«Өйтеке би кенті әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасуға конкурс жариялайды.

1. «Өйтеке би кенті әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің есеп және шаруашылық бөлімінің басшысы (санаты Е-Г-2, индекс №02-1)

Қызмет атқарған жылдарына байланысты әкімшілік мемлекеттік қызметкердің лауазымдық жалақысы 87767 теңгеден 131650 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

Қызметтік міндеттері: Бөлім жұмысына басшылық жасау, бөлімнің жұмысын ұйыстыру, жұмысты тиімді және нәтижелі ұйымдастыру білу. Қазақстан Республикасының Заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтарын, жоғары тұрған органдарының шешімдерін, облыс, аудан және кент әкімінің өкім, шешімдерін, қаулыларының орындалуын жүзеге асыру. Қазақстан Республикасының «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңына сәйкес бөлімге келіп түскен тәртіп мен өтініштердің тіркелуін, олардың уақытылы орындалуына басшылық жасайды. Бөлімдегі іс-жүргізу Нұсқаулығының сақталуына бақылау жасау және қажетті құпиялық тәртіпті қамтамасыз етеді. Бөлім жұмысының перспективалық бағыттарын, қызметкерлер арасында міндеттер бөлініс мен жұмысына, ішкі еңбек тәртібінің сақталуына басшылық жасайды, тоқсандық, жылдық жұмыс жоспарларын әзірлеп оның орындалуын бақылайды. Көркейтү-өгалдандыру, абаттандыру жұмыстарының жоспарларын дайындау, қаржы мәселелеріне байланысты ұсыныстар беруді қамтамасыз етеді. Жаңадан салынатын әлеуметтік нысандардың және жөндеу жұмыстары жүргізілетін құрылыс объектілерінің жобалау-сметалық құжаттарын әзірлеп қаржы бөлуге ұсыныстар жасайды. Салынатын құрылыс жұмыстарының жобалау құжаттарын жасауды ұйымдастырады, заңға сәйкес мемлекеттік сатып алу конкурстарын өткізуді, кент көлемінде құрылыс, газ-энергетикалық, ресурстар мен ауыз су және басқа да инженерлік-инфрақұрылыс жұмыстарын жүргізуді жоспарлайды, құрылыс жүріп жатқан нысандардың сапасын бақылау мониторинг жасайды. Құрылыс аяқталған әлеуметтік нысандарды қабылдау мақсатында мемлекеттік қабылдау комиссиясының жұмысын ұйымдастырады. Жоспарлы қаржылардың өз мақсатында және мерзімінде игерілуіне басшылық жасайды. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу» туралы Заңына сәйкес түрлі әлеуеттік өнімдерді сатып алу конкурстарын өткізуді және мемлекеттік жылдық сатып алу жоспарларын дайындауды ұйымдастыру. Кент әкімдігінің есеп және шаруашылық жұмыстарының есебін жүргізуді, қызметкерлердің еңбек табелін уақытылы жүргізуді ұйымдастыру, материалдық құндылықтардың сақталуына, қатан есептегіш құжаттардың сақталуына бас

● АУЫЛ ӨНЕГЕСІ

САНАНЫҢ САҒАСЫ, ЕЛДІҢ АҒАСЫ

Бұл күндері Ботабай аталатын ауыл кезінде Тартоғай совхозының №3 мал фермасының орталығы еді. Ілгергілер «Ақын аулы» деп айдар татқан ауыл бертінде 18 ғасырда өмір сүрген осы топырақтың әрі батыр, әрі мұрап болған тарихи тұлғасы Ботабай бабасының атын иемденіп, жиырма бірінші ғасырдың табалдырығын аттады. Екі жүзге тарта түтін бар елді мекеннің шежіресі дерекке толы. Айтылған сайын ажарлана түседі. Осыдан жүз жылғы оқиғаларды ауыл балаларының дәл өзі көргендей өңгімелеп отыруында не сыр бар? Кешегі жағдай бүгін көмескіленетін мына компьютер заманында Ботабай балаларының күйма құлақтығына еріксіз төнгі боласын. Бұл, біздіңше, арғы заманнан тартылған желінің үзілмегендігі, көнерсе де, жіңішкерсе де жалғасып келе жатқандығының әсері. Әрине, оны ілмелеп келе жатқандар ата-баба дәстүрін құрмет тұтып, тәрбие тініне айналдырған арқалы азаматтардың арқасы.

Осы өңірде өмір сүріп, аты алысқа танылған Әйімбет ахун, Махамбет молда, Тұрсынбай датқа, кешегі данқты ғалым Шахмардан Есенов, бүгінгі белгілі сахнагер Ғазиза Әбдінәбиева секілді ботабайлықтардың берекелен ажырамай, ынтымақты өмір кешуіне ұйтық бола білгеннің бірі Әбілда Мәмбетов деген азамат болатын. Ұзақ жылдар бойы сауда саласында қызмет жасап, жақсыны да, жаманды да ертерек ажыратқан, ауыл ұзап, жасылармен жанасқан, толымдылармен табысқан сананың сағасы, елдің ағасы болған арда кісі еді. Қолынан келер жақсылығын жерлестерінен аямағандығымен, қысылғанға қол созар қожартқығымен де елдің есінен шығар емес. Бұл күндері жетпістің бесеуіне келер ақсақалға арнап ұрпақтары, жақын-туыстары өткен аптаның жексенбінде ас берді, соны мәдени-спорттық шараға ұдасты. Есте жүрер естін ботабайлықтар осылай құрмет тұтты.

Ас барысында Әбекеннің тұстастары тартоғайлық Алтынбай Әлсейітов, айдарлылық



Бегалы ақсақал, шиеліден Аманжол Сейілбеков, інілері Ахметжан ақсақал мен Қожахмет естеліктер айтты. Дұға бағышталып, құран оқылған соң ақындар айтысы басталды. Бөйге емес, бата алуға жиналған дүлдүлдер имандылықты, ел бірлігін, ауыл келбетін сөз етті. Ас беріліп жатқан Әбілда Асанұлының шарапатты образын көзге елестетті. Көпшіліктің ықыласымен қазылар алқасы бас жүлде – 200 000 теңгені айтыс тарлаңы Серік Ыдырысовқа ұстатса, бірінші жүлде – 100 000 теңгені Нұрмат Мансұров иемденді. Жұмабай Шерниязов пен Мөлдір Айтбаева келесі орындарға тұрақтаса, осы айтысқа қатысқан басқа төрт ақын да сый-сияпаттан құр қалмады. Асқа келгендерге жазушы Дүйсенбек Аяшұлының қаламынан туған «Байсал баудын саясы» атты деректі хикаят кітабы таратылды.

Түстен кейін басталған көкпар салымы тіптен қызықты өтіп, дәстүр жалғасын тапты. Ас және мәдени-спорттық шараның жоғары деңгейде өткізілуіне асыл ағаның балалары мен туыстары атсалысты.

Нұрмахан ЕЛТАЙ,
Шиелі ауданы,
Ботабай аулы.

● ҚАЗАҚСТАН ФУТБОЛЫНА – 100 ЖЫЛ

Биыл Қазақстан футболы ғасырлық тойын атап өтіп жатыр. Еліміздің көптеген қалаларында осы мақсатта түрлі шаралар болды. Алғашқы мәрте теңбіл допты төрге озырған Семей қаласында сегіз елден келген ардагер ойыншылар бірнеше күн бойы жарыс көрігін қыздырды. Алатау етегінде орын тепкен әсем шаһарымыз – Алматыда Қазақстан мен Германияның ардагерлер құрамасы жасы алан төрінде шеберлік байқасты. Осындай онды шаралар жанкүйер қауымының көңілінен шығып жатыр. Мұндай игілікті істер Қызылорда жерінде де өткізілмек.

ТӨРТЕ ОЗҒАН ТЕҢБІА ДОП

Сыр өңіріндегі футбол жайында өңгіме қозғай қалсаңыз, әуелі «Кайсар» жайлы ойға оралады. Рас, кәсіпқой ұжым аймақтың абыройын асқақ етуге өз үлесін қосты. Қаншама талантты жастар өсіп шықты. Олардың бірқатары ұлттық құрама сапында ойын көрсетті. Осының өзі жергілікті өрендердің өресі биік екенін аңғарта түседі. Биыл «Кайсардың» құрылғанына 45 жыл толды. Қос мереке қарсаңында біздің өңірде көптеген іс-шаралар өткізілуде. Қуаныштысы, осы уақыт ішінде командамыз бірде-бір мәрте біріншілікке қатыспай қалған жоқ. Өткен ғасырдың 90-шы жылдарына дейін одақтық біріншіліктің екінші лигасындағы сегізінші топта сыңға түсті. Ал Қазақстанның төл доп доласына Премьер-лига мен бірінші лигада бас сынан келеді. 1998 жылы біздің ұжым ел кубогын төбесіне көтерді. Атап өтерлігі, «Кайсар» қай кезеңде де жергілікті түлектерге арқа сүйеп келеді. Бұл қызылордалық жастардың шебердігін шыңдауға өз септігін түгізіп келеді.

1968 жылы командамыз алғашқы ресми кездесуін өткізген уақытта оның құрамында көптеген жерлестеріміз бар еді. Осы орайда сол кезеңде небәрі 18 жастағы түбіт мұрт бозбала Әбіл Қалымбетовты айттай кетпе алмаймыз. Қызылордалық футбол статусі Жеңіс Қожамқұловтың айтуынша, дарынды ұлан содан кейін 21 жыл бойы тек бір клубтың намысын жыртып. Спорттық өміріне нүкте қойған сөтте Ә.Қалымбетов 39 жаста болатын. Оған кейінгі 13 жыл өмірін де ол кісі «Кайсарға» арнады. Барлығы 33 жылды құрайды. Үстіміздегі жылдың 3 қазанында 60 жастың ауылына ат басын тіреген Слам Аянов та жанкүйерлердің жылы ықыласына бөленген азамат. Ол алғаш 1982 жылы командаға дәрігер болып

қызметке тұрған еді. Содан бері қаншама уақыт өтті. Білікті маман өмірінің көп бөлігін командамен өткізді. Соңғы төрт жылдан бері физиотерапевт, массаж жасаушы болып жүр.

Сыр өңіріндегі жұрт Төлеухан Тұрмағанбетов дегенде оның шеберлігі жоғары шабуылшы екенін бірден өңгімелеп кетеді. Ешқандай алып-қосары жоқ, ол жасыл алаңның төрінде жасындай жарқылдап көзге түсті. Тіпті, оны Қызылорданың Маралонасы болды десек те жарасалды. Төлеухан тұңғыш мәрте ресми кездесуге шыққанда небәрі 15 жаста еді. Бұл 1981 жылдың 9 қазаны болатын. Сол уақытта біздің команда Оралдың «Урален» клубымен кездесу өткізді. Т.Тұрмағанбетов басқа ойыншымен алмасты. 2000 жылы ол үлкен футболмен көш айтысты. Сол кезеңде командаға қатардағы бапкерлікке келді. Оған кейінгі уақытта аға бапкер, бас бапкер қызметтерінің дәм-тузын татты. «Кайсардың» қосадқы құрамында шөкірттер төрбелелі.

Қазіргі таңда біздің командала жаттықтырушылар құрамында жүрген Сұлтан Әбділаев өзінің футболшылық ғұмырының 13 жылын өзінің төл ұжымына арнады. Ол 1988–1993 жылдар аралығында қызылордалық клубтың жейдесін киіп. Оған кейінгі бес жылдың көлемінде басқа ұжымдарда тер төксе, 1999–2005 жылдар аралығында қайтадан өзінің туған қаласында ойнады. Аға бапкер болды. Бас бапкерлік те де тәжірибе жинақталды. Соңғы жылдарда қайтадан қатардағы жаттықтырушы қызметін атқарып келеді.

Сондай-ақ, «Кайсарға» бірнеше жылы арнаған азаматтар қатарында Қаландар Ахмедов, Марат Есмұратов, Игорь Хегай, Нұрлан Әбуов, Пернебай

● ЖАРЫСТАР ЖАҢҒЫРЫҒЫ

КАНОЭДЕ ЕСУ.

Әзбекстанның Самарқанд қаласында ересектер арасында байдарка және каноэде есуден Азия чемпионаты мәресіне жетті. Аталмыш жарыста 38 елдің спортшылары бақ сынады. Облыстық жоғары спорт шеберлігі мектебінің түлегі Мерей Мелетов каноэде есуден құрлықтық доданың қола жүлдесіне ие болды. Ол 500 метр қашықтықта үздік үштікке ілінді. Ол келер жылы Оңтүстік Кореяның Инчхон қаласында болатын Азия ойындарына қатысады. Қазіргі таңда Мерей Ташкент қаласында оқу-жаттығу жаныында шеберлігін шыңдауда. Жарысқа Мерейді Қазақстанға еңбегі сіңген жаттықтырушы Мухитдин Мейірбеков дайындады.



МӨНЕРЛЕП СЫРҒАНАУ.

Белоруссия астанасы Минск қаласында өткен мөнерлеп сырғанаудан жасөспірімдер арасындағы Гран-при додасында қызылордалық Элизабет Тұрсынбаева коссайыс қорытындысы бойынша күміс жүлдеге ие болды. Әлемнің 20-дан астам елінен сайыскерлер қатысқан жарыста 13 жастағы өрен тұңғыш мәрте бақ сынап отырғанына қарамастан, мерейі үстем болды. Қысқа бағдарламадан кейін бірінші тұрған Элизабет еркін бағдарламада



ҚҰРМЕТІ ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚТАР ЖӨНЕ КАЛА ҚОНАҚТАРЫ!

Үстіміздегі жылдың 9 қазанында Ғани Мұратбаев атындағы орталық стадионда Қазақстан құрама командасы мен «Кайсар» футбол командасы арасында футболдан жарыс өтеді. Жарыстан кейін Қазақстан эстрадасы жұлдыздарының қатысуымен гала-концерт ұйымдастырылады. Сіздердің қолдауыңызға, «Азия» тобы және басқалар өнерін көрсетеді. Концерт мерекелік отпашумен аяқталады! Келіңіздер! Кіру тегін. **Ұйымдастырушы:** Қызылорда облыстық футбол федерациясы.



Кенжебаев, Павел Стрелин, Талғат Сыздықов, Сергей Когай, Құттыбай Досмамбетов, Ерлан Шойтматов, Қайыржан Әбуов бар. Олардың барлығы дерлік алғашқыда футболшы болса, кейіннен командала түрлі қызметтерде болды.

Біздің команда сапында ең жасы үлкен ойыншы кім болды? 1991 жылы 18 тамызда Егор Мелинов 42 жас 76 күнді толттырған еді. Оған кейінгі кезекте Әбіл Қалымбетов пен Пернебай Кенжебаевты атап өтеміз. Ал Төлеуханнан өзге ең жас ойыншылар қатарында кімдер бар? Мәселен, Қайыржан Әбуов, Қайрат Сәрсенов, Сергей Когай, Андрей Овчинников алғашқы мәрте қызылордалық клубтың жейдесін киіп, жасы алан төріне шыққан кезде, небәрі 16 жаста екен. Сонымен қатар, олардан небәрі бір жас үлкен кезінде Сұлтан Әбенов, Ерлан Нұрғалиев, Роман Титов, Нартай Құлымбетов сынды жампоздарымыз ойын көрсетті. Небәрі 18 жасында Сұлтан Әбділаев, Ерлан Өткелбай, Нұрлан Жаңаев, Марат Косаевтар қанжар көзайымына айналды.

Бүгінгі күнге дейін қаншама бапкер Қызылорда командасына бапкерлік жасады. Олардың қатарында

Тимур Серізбаев, Александр Прохоров, Юрий Хакимов, Әбіл Қалымбетов, Вайд Талғаев, Шайзидин Кенжебаев, Виктор Кумыков, Сергей Горохов, Владимир Никитенко, Хазрет Дышеков, Владимир Линчевский, Альтимантас Любинскас, Сергей Волгин сынды мамандар аталады. 1971 жылы Т.Серізбаев көштің соңында жүрген команданы өрге сүйреп, алдыңғы орындарға шығарды. Сондай-ақ, 1988 жылы одақтық біріншіліктің екінші лигасында сол кезеңдегі «Мелиораторьен» төртінші орын алған Ю.Хакимовты ерекше құрметпен атаймыз. Еліміздің төл доп доласында В.Талғаевтың тұсында команда алғаш рет Қазақстан кубогына қол жеткізді. Оған кейін өзіндегі команда сол жетістігін қайталай алмай келеді. 2008 жылы «Кайсар» төртінші орынға табан тіреді. Оған қол созуға В.Никитенконың біліктілігі аз көмегін түгізген жоқ.

Қызылорда төрінде өтетін футбол тоына жергілікті жанкүйерлер белсене атсалысады. Өйткені, олардың өздерінің сүйікті командасы – «Кайсарға» құрметі ерекше.

Әділжан ҰМБЕТ.

америкалық спортшыға есе жіберіп қойды. Енді Элизабет Болгарияда болатын жастар арасындағы әлем чемпионатына қатысады.

ТЕННИС.

Ақтөбе қаласында облыс әкімінің жүлдесіне арналған 16 жасқа дейінгі жасөспірімдер арасында теннистен турнир өтті. Аталмыш турнирде жерлесіміз Анастасия Лигай 12 жас аралығында күміс жүлдеге ие болса, Азамат Әшім 15 жас аралығында қолаға қол созды. Спортшыларды жарысқа Дмитрий Денисеня дайындады. Қызылорда қаласындағы «Нұрсәт» теннис орталығында шеберлігін шыңдап жүрген қос спортшы қараша айында Алматы қаласында болатын турнирге қатысады.



ВЕЛОСПОРТ.

Астана қаласында болған тректен Қазақстан чемпионатында Қызылорда облыстық мамандандырылған балалар-жасөспірімдер велоспорт жөніндегі №3 олимпиадалық резерв мектебінің спортшылары жақсы нәтиже көрсетті. Жарыс қорытындысы бойынша 4 шақырым қашықтықта командалық есепте Пазылбек Жақсылық пен Роберт Гайнеев екінші орын алса, 160 шақырымдық айналымның топтық жарысында үшінші орынға табан тіреді. Сондай-ақ, 80 және 100 шақырымдық айналымның топтық жарысында Асылхан Тұрар, 100 шақырымдықта Дінислам Өмірбек үштіктен көрінді.



Әділ ТАЛАП.

ОЙЫНҒА ШАҚЫРАМЫЗ!

Дүбірге толы доп доласында Сыр елінің намысын абыроймен қорғап жүрген сүйікті командамыз – «Кайсар» үстіміздегі жылы бірінші лигада жеке-дара көш бастап келеді. Жергілікті жанкүйердің үккілі ұмыт алмауы үшін ағдағы жылы Премьер-лигаға оралуға жақындай түсті. Олар 26 ойыннан бері бірде-бір мәрте жеңілістің ауыс дөмін татқан жоқ.

Футбол маусымы өз мәресіне жақындап келеді. Әрбір кездесу жолдама тағдырын шешеді. 13 қазанда Қызылорда төрінде тартысқа толы футбол ойыны өтеді. Сүйікті «Кайсарымыз» өз алаңында Көкшетаудың «Оқжетпесін» қабылдайды. Ал 16 қазанда Петропавлдың «Қызылжарымен» кездеседі.

Құрметті жерлестер! Командамызға қолдау білдірейік! Жанкүйердің әрбір демеуі бізді жеңіске жақынатады! Басталуы 15.00-де. Ойын соңында бағасы 200 теңге кіру билеттерімен автокөлік ойнатылады.

● ҚАРТТАРЫМ – АСЫЛ ҚАЗЫНАМ

Әдептілік, инабаттылық, қарттарға деген құрмет – халқымыздың болмысындағы ізгі қасиеттердің бірі. Адам өмірінің мәні мен сұлулығы осында жатқан шығар деп ойлаймын. Бірақ өкініштісі, өз отбасынан жылу таппаған қариялардың қарттар үйінде өмірлерін жалғастыруы бүгінгі таңда қанша қолайсыз болса да, мойындамасқа болмайтын шындық.

МЕРЕКЕЛІК КӨҢІЛ КҮЙ СЫЙЛАДЫ

Осыған қарамастан қарттар үйінде оларға көрсетіліп жатқан құрметтің жөні бөлек. Олар ұдайы қамқорлық аясында. Әртүрлі деңгейде өткізіліп жатқан шаралар олардың өмірге деген құштарлық сезімін оятып, көңіл-күйлеріне айрықша толықныс сезімін ұялатады.

Өткен аптада еліміздің түкпір-түкпірінде қарттар күні мерекелік шаралармен атап өтілді. Осыған орай №187 М.Шоқай атындағы қазақ орта мектеп ұжымы облыстық қарттар мен мүгедектерге арналған жалпы үлгідегі интернет үйінде болды. Қарттарға арнап оқушылардың өздері жасаған көлөнер бұйымдарын ұсынды. Құттықтау хаттарын табыстап, мерекелік бағдарламамен қарттарға әсерлі көңіл-күй сыйлады. Мерекенің ашылу салтанатында мектеп директоры, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Айгүл Мұсабаева, интернет директоры Сапура Сәрсенбаева қарттар қауымын, оқушылар мен ата-аналарды құттықтап, балғындарды үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге мейірімді, қайырымды болуға шақырды.

Қарттар күні мерекесінде мектеп жасұландары мен оқушылары көлөнер



бұйымдарын интернет мұражайына табыстап, ән-жырларымен өз құттықтауларын жолдады. Мерекелік іс-шара соңында интернат ардагерлері Е.Исабаев және Е.Мындреску оқушыларға батасын беріп, мектеп ұжымына өз алғыстарын білдірді.

Гүлзат АЛМАТОВА,
№187 М.Шоқай атындағы қазақ орта мектебі директорының орынбасары.
Қызылорда қаласы.

● ЕЛІШІ – ЕРЕН БЕСІК

ӨНЕР ДАРЫҒАН ШЕБЕР

Сәндік қолданбалы өнер түрін күнделікті тұрмыста жиі кездестіреміз. «Ою ойғанның ойы ұшқыр» дегендей, шиелілік Малика Әлжанованың жақсы жетпістен асса да, жіпті иімен көздірілсіз сабақтай береді. Жануар тектес ою-өрнек, «Ирек су», «Қус қанаты» сияқты ұлттық ою-өрнектермен қызыл жасауын, көрпе, жастық, киім-кешекті, қоржынды сәндеу Малика апайдың сүйікті ісі. Кейуанының тігіншілік өнерге қалай келгенді де қызық. Кішкентай Малика 12 жасқа келгенде әкесі оған арнайы тапсырыспен тігін машинасы мен домбыра сатып алып береді. Қызымның өнері өртей берсін деп көпшіліктен бата алу үшін бөйте беріп, салым ұйымдастырып, ұлан-асыр той жасайды. Тойға келгендер жақсы баталарын береді. Батаның күдіретінен бе, Алла Маликаны жарылқайды. Той тарқаған соң, түнде ұйықтап жатқан Маликаның түсіне нағашысы енеді. Түсінде нағашысы мұнан домбыраны алып қояды. Малика қанша жасына жетсе сұраса да, нағашысы: «Басқаны сұрасан сұра, мұны саған бере алмаймын» деп жауап қайтарлады. Сол сөтте көрпешенің астындағы көк қайышға Маликаның көзі түседі. Малика оянып кетеді. Әкесі Маликаға ісмер болады екенсін деп, тігін тігуді үйрете бастайды. Шамаless күннен кейін әкесі мал бағып жүріп, далала бір бұтаның түбінен тот басқан бір қайышын тауып, үйіне алып келеді. Қайыш тура Маликаның түсінде көрген көк қайышындай болады. Кім біледі, бәлкім, түсінде нағашысы домбыраны алмағанда, Малика құйқылжыта күйі шертетін күйші болар ма еді? Алайда, ол тігінші болды. Әкесі тауып алып келген көк қайышын жоғалтпай, өліге дейін пайдаланып жүр.

Міне, қарапайым қазақ өйелінің тігіншілікке келу жолы осындай.

Жалпы, халқымызда түсті жорығанда жақсылыққа қарай ырымдайды. Бұл оқиғадан да түс көру мен оны жорудың тағы бір кереметін байқағандаймыз.



Ерұлан ДАТКЕНОВ.
Шиелі ауданы.

Жуырда Сырдың санлақ ақыны Асқар Тоқмағамбетовтің шығармаларына арналған «Бік шың, асу бермес Асқар ақын!» атты көркемсөз оқу шеберлерінің облыстық байқауы болып өтті.

БИІК ШЫҢ, АСУ БЕРМЕС АСҚАР АҚЫН

Қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен алғаш рет өткізіліп отырған байқауға Сырдария, Шиелі, Қармақшы, Жалағаш аудандары мен Қызылорда қаласынан барлығы 21 талапкер қатысты. Олар үш кезең бойынша, атап айтқанда, ақынның прозалық, поэмалық және сатиралық шығармаларын мөнерлеп, жатқа оқудан бақ сынасты. Талапкерлердің өнерін қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің тіл маманы Рахымжан Әбубәкір, «Қазақстан-Қызылорда» телерахасының қызметкері Гүләйім Жанұзақова, ақынның інісі, ардагер Жұмағали Ерғалиевтер сарапқа салды.

Қорытындысында байқаудың бас жүлдесін М.Мәметова атындағы гуманитарлық колледжінің 2-курс студенті Балзия Пірімжар иеленсе, бірінші орынды №1 К.Мұхамеджанов атындағы мектеп-гимназиясының 11 сынып оқушысы Бакбергел Әбілкасым жеңіп алды. Ал, №211 А.Байтұрсынов атындағы орта мектептің 10-сынып оқушысы Төрехан Совет екінші орынға ие болса, үшінші орынды Сырдария ауданы, Шіркейлі ауылының өнерпазы Арайлым Ерболқызы мен Қорқыт ата атындағы КМУ 2-курс студенті Нұрбай Шөкімбай өзара бөлісті. Сонымен бірге, «Өлеңмен өрнек өрген», «Сахна сөні», «Екі езу тартқызған», «Көгермен көзайымы», «Сандуғаш үнді» номинациялары бойынша бес талапкер марапатталды. Қатысушылардың барлығына сый-сияпаттар тапсырылып, Алғыс хаттар берілді.

Айта кету керек, ұйымдастырушылар аталған байқаудың Асқар ақынның туған күні және тіл мерекесіне орай алдағы уақытта жыл сайын өткізіліп тұратынын айтты.

Барлыбек БАТЫР.

Менің кеесі:
Сыр медиа
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ДИРЕКТОР

Аманжол ОҒАРБАЕВ

қабылдау бөлмесі

23-58-02

факс

23-55-37

Сыр бойы

Қызылорда облыстық газетінің редакциясы

БАС РЕДАКТОР

Жұматәли ӘБДІРАМАН

қабылдау бөлмесі

23-74-62

Бас редактордың орынбасары

23-58-62

Жауапты хатшы

23-76-64

Бөлімдер:

руханият және ақпарат - 23-76-34, 23-81-50

экономика - 23-72-38, 23-78-08

әлеумет және саясат - 23-71-70, 23-78-08

жарнама - 23-80-38, 23-78-50

есеп-ұнсап - 23-81-06

зәңгер - 23-64-20

компьютер орталығы - 23-77-45

корректор бөлімі - 23-73-39

меншікті тілшілер:

Арал, Қазалы:
Жұмабек Табынбаев - 8724 38 2-34-07

Шиелі, Жаңақорған:
Нұрмахан Елтай - 8724 32 42-24-46

e-mail: syrboyl@mail.ru
site: www.syrboyl.kz

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.

Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Авторларға қаламның тапсырысы бойынша төленеді, қолжазба енгенде және қайтарылмайды.

Жарияланған газеттің түпнұсқын көзқарасын білдірмейді. "Ақ" сөзін ықпал.

Газеттің баспауы сатысына "PRINT" баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов, 49.

Газеттің баспауы сатысына "PRINT" баспаханасында - 27-24-94, таратылымына "Қазпошта" - 23-54-51, "Евразия-Пресс" - 27-62-84 жауапты.

Редакция мекен-жайы: 120008 Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 60.

Таралымы

21148

Тапсырыс № 518